

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің және онда қалыптасып отырған қатынастарды қадағалаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 413 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің және онда қалыптасып отырған қатынастарды қадағалаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің және онда қалыптасып отырған қатынастарды қадағалаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат):

1) 105-баптың 2-тармағында "бюджеттің" деген сөзден кейін "немесе Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің (шығыстар сметасының)" деген сөздермен толықтырылсын ;

2) 282-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі ", Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 331-баптың 4-тармағында "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын .

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат ; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат) :

1) 715-баптың 3-тармағының екінші бөлігінде, 728-баптың 1) тармақшасында " Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 824-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде "талаптары" деген сөзден кейін " Қазақстан Республикасының заң актілерімен және" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 825-баптың 1-тармағында :

2) тармақша "және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін беру" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) тармақша алынып тасталсын ;

4) 825-1-бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру ережесін сақтандырушы әзірлейді және уәкілетті мемлекеттік органмен келісілуі тиіс. Сақтандырудың нақты түрі бойынша сақтандыру ережесі осы баптың талаптарына сәйкес келуі тиіс.";

3-тармақ алынып тасталсын ;

5) 830-баптың 2-тармағында :

"қатысушыларының" деген сөз "қатысушыларының, сақтандыру агентінің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"қатысушысына" деген сөз "қатысушысына не сақтандыру агентіне" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"қосарлас сақтандыру немесе қайта сақтандыру" деген сөздер "қайта сақтандыру шарттарымен немесе қосарлас сақтандыру қатынастарымен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6) 841-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшасымен толықтырылсын:

"б) соттың сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы шешімі күшіне енгізілген не уәкілетті мемлекеттік органның сақтандырушының ерікті таратылуына рұқсат беру туралы шешімі күшіне енгізілгенде мерзімінен бұрын тоқтатылады.";

7) 842-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 841-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар бойынша жинақтаушы емес сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының осы сақтандыру қолданылған уақытқа тепе-тең бөлігін иемденуге құқығы бар.

Осы Кодекстің 841-бабының 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген жағдай бойынша жинақтаушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде сақтанушыдан алынған сақтандыру жарналары толық көлемде қайтарылады.

Сақтандырушы таратылған кезде сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарды) қайтару сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады."

3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5 -6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 158-1-баппен толықтырылсын:

"158-1-бап. Сақтандыру құпиясын сақтау міндеттерін бұзу

Сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді сақтау міндетін, ол кәсіби немесе қызметтік міндетіне байланысты мәлім болған адамның олардың иелерінің келісімінсіз бұзуы, егер онда қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса,- айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 168-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"168-бап. Валюта заңдарының талаптарын бұзу

1. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне валюта заңдарына сәйкес табыс етілуі талап етілетін мәліметтері жоқ ақпаратты ұсынбауы, сондай-ақ әлденеше рет (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде екі және одан да көп рет) дер кезінде табыс етпеуі немесе табыс етуі, не дұрыс емес мәліметтерді (ақпаратты) табыс етуі,-

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік),-

лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға тоғыз жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың валюталық бақылау агентінің функцияларын орындамауы немесе тиісті

д ә р е ж е д е

о р ы н д а м а у ы , -

заңды тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік),- заңды тұлғаға - бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) мынадай мазмұндағы 168-2-баппен толықтырылсын:

"168-2-бап. Банк заңдарының талаптарын бұзу

1. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың уәкілетті мемлекеттік органға банк заңдарына сәйкес табыс етілуі талап етілетін мәліметтер жоқ ақпаратты әлденеше рет (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде екі және одан да көп рет) дер кезінде табыс етпеуі сияқты не дұрыс емес мәліметтер (ақпарат) табыс етуі,-

лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - төрт жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың оларға уәкілетті мемлекеттік орган шектеулі ықпал ету шаралары арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы,-

лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - төрт жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

3. Осы баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік),- лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - тоғыз жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті басқа нормалар мен лимиттерді әлденеше рет бұзуы,- заңды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

5. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банк заңдарына сәйкес тыйым салынған не банк заңдарын бұза отырып, яғни олардың құқық қабілеттілігі шегінен тыс операциялар мен мәмілелер жасауы, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға мәміле сомасының оннан бір процентіне дейінгі не операциялар бойынша алынған табыс сомасының елу процентіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін

бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік),-
лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде,
заңды тұлғаға - мәміле сомасының бір процентіне дейінгі не операциялар бойынша
алынған табыс сомасының жүз процентіне дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп
с о ғ а д ы .

7. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың банк операцияларының нәтижелерін бухгалтерлік есепте тиісінше
к ө р с е т п е й жү р г і з у і , -

заңды тұлғаға есепке алынбаған соманың жүз процентіне дейінгі мөлшерінде
а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

8. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру жөніндегі заңдарда
белгіленген талаптарды бұза отырып жүргізуі не онда қамтылған көрсеткіштердің, не
пруденциалдық нормативтерді және (немесе) банк заңдарында белгіленген сақталуға
міндетті басқа нормалар мен лимиттерді орындау туралы мәліметтердің бұрмалануына
әкеп соққан банктік немесе өзге де есеп жасауы,-

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі
мөлшерінде, заңды тұлғаға тиісті дәрежеде есепке алынбаған соманың бес процентіне
дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Осы баптың сегізінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін
бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік),-
лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде
, заңды тұлғаға тиісті дәрежеде есепке алынбаған соманың он процентіне дейінгі
мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

10. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың клиенттердің банктік шоттарын ашу және жабу тәртібін бұзуы,-
лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі
мөлшерінде, заңды тұлғаға бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Осы баптың оныншы бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін
бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік),-
лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің алпыстан жүзге дейінгі мөлшерінде,
заңды тұлғаға - бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 170-бапта "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "уәкілетті
мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 1 7 1 - б а п т а :

тақырыптағы және мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген
сөздер "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 172-1-баппен толықтырылсын:

"172-1-бап. Банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және

жинақтаушы зейнетақы қорларын таратуға байланысты талаптарды бұзу
1. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы төрағасының заң бұзушылықты жою туралы жазбаша нұсқауларды уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мерзімде орындамауы,- тарату комиссиясының төрағасына - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тарату комиссиясы төрағасының уәкілетті органның тарату комиссиясының қызметіне тексеру жүргізуден бас тартуы не оны жүргізуге кедергі келтіруі,- тарату комиссиясының төрағасына айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Банктің тарату комиссиясы төрағасының уәкілетті мемлекеттік органға банк, сақтандыру, зейнетақы заңдарында белгіленген есепті және қосымша ақпаратты табыс етуі немесе әлденеше рет (қатарынан алты күнтізбелік ай ішінде екі және одан да көп рет) дер кезінде табыс етпеуі,- тарату комиссиясының төрағасына - айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7) 1 7 3 - б а п т а :

Бірінші, бесінші және оныншы бөліктердің бірінші абзацында "ұйымының" деген сөзден кейін ", сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші бөліктің бірінші абзацында:

"олар" деген сөз алынып тасталсын;

"тұлғаларының" деген сөзден кейін "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" деген сөздермен толықтырылсын;

он төртінші бөліктің бірінші абзацында:

"аудитордың" деген сөз "аудиторлық ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"міндетті" және "қызметіне" деген сөздер алынып тасталсын;

8) 541-баптың бірінші бөлігінде:

"172" деген сан алынып тасталсын;

"190-203" деген сандар "190, 192, 194, 197, 199, 200, 202, 203" деген сандармен ауыстырылсын;

9) 572-баптың бірінші бөлігінде:

"168-171" деген сандар "168, 168-2 (валюталық бақылау мәселелері бойынша екінші, бесінші, жетінші және сегізінші бөліктер, оныншы және он бірінші бөліктер), 169" деген сандармен ауыстырылсын;

"218" деген саннан кейін "(валюталық бақылау мәселелері бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 573-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"573-бап. Қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган

1. Қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осы Кодекстің 88 (бірінші бөлік), 168-2 (оныншы және он бірінші бөліктерді қоспағанда), 170, 171, 172, 172-1, 173-175 (бірінші бөлік), 191, 193, 195, 196, 198, 201, 218-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы және оның орынбасарлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік айыппұл салуға құқылы.";

11) 636-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақшаның жиырма төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (138, 158, 190, 192, 194, 197, 199, 200, 202-баптар);";

3) тармақшадағы "банктік қадағалауды, сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын.

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат):

227-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мемлекеттік тілдегі мәтінінде мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1) қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк операцияларын жүргізуге берген лицензиялары негізінде жүзеге асырылатын мынадай банк операциялары: " ;

5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат):

1) 1 - б а п т а :

үшінші бөлікте "қаржы-кредит ұйымдарында" деген сөздерден кейін "өз құзыреті шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-баптың бірінші бөлігінде:

"Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі - банктер) берген лицензияның негізінде" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Негізгі мақсатты іске асыру үшін Қазақстан Ұлттық Банкіне мынадай міндеттер жүктеледі:

мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;
төлем жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуіне ықпал ету;
валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру;
қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ету.";

4) 8 - б а п т а :

в), г) тармақшалары алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы д-1) тармақшамен толықтырылсын:

"д-1) банк операцияларының мынадай түрлерін жүргізу тәртібін айқындайды: банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу; касса операциялары; аударым операциялары; есептеу операциялары; жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде корреспондент банктердің тапсыруы бойынша олардың банк шоттары бойынша есептеулерді жүзеге асыру; банкаралық клиринг; сейфтік операциялар; ломбардтық операциялар; төлем карточкаларын шығару; банкноттарды, металл ақшаларды және құндылықтар инкассациясы және жіберілімі; шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру; чек кітапшаларын шығару; аккредитив ашу (ұсыну) мен растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау және заң актілерінде белгіленген жағдайларда қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) банк операцияларының осы түрлері бойынша уәкілетті органның лицензия беруіне қорытынды береді;

е) және е-1) тармақшалары алынып тасталсын;

з) тармақшасында "банктер" деген сөзден кейін ", банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы и-1) және и-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"и-1) валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жүргізуге лицензиялар береді;

и-2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға, банкноттарды, металл ақшаларды және құндылықтар инкассациясы, жіберілімі, банкаралық клиринг жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензиялар береді;"

к) тармақшасында "банктер" деген сөзден кейін ", банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

л-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"л-2) уәкілетті органмен бірлесіп өзінің бақылау және қадағалау функцияларын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда қаржылық ұйымдардың, сондай-ақ олардың аффилиирленген тұлғаларының қаржылық және өзге де есептердің тізбесін, халықаралық стандарттарға

сай келетін нысандарын, ұсыну мерзімдерін белгілейді;";
мынадай мазмұндағы л-3) тармақшасымен толықтырылсын:

"л-3) валюталық реттеу және бақылау мәселелері бойынша есепті ұсыну тәртібін, нысандарын және мерзімін белгілейді;";

м) тармақшасында "банктер" деген сөзден кейін ", банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы р-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"р-1) елдің ақша-кредит және қаржылық статистикасын қалыптастырады;";

у-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"у-1) өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында банктерден, олардың қауымдастықтарынан және мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты алуға құқылы;";

мынадай мазмұндағы у-4), у-5), у-6) және у-7) тармақшаларымен толықтырылсын:

"у-4) Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын ресми басылымдарда жарияланатын сенімгерлік басқару туралы шарттардың негізінде берілген активтерді сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады;

у-5) банк шоттарының режимін белгілейді;

у-6) банктердің міндеттемелері бойынша олардың төлем жасамау тәуекелін азайту, сондай-ақ банк салымшылары мен акционерлерінің мүдделерін қорғау үшін банктер беретін кредиттердің көлемін реттеу мақсаттарына банктердің қаражаттарын резервтейді;

у-7) банктердің жекелеген операциялары мен мәмілелерінің түрлері бойынша сандық шектеулерді белгілейді;";

5) 9-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкінің жарғылық капиталы мемлекетке тиесілі және оның таза кірістен алған аударымдары арқылы кемінде 20 миллиард теңге мөлшерінде қалыптастырылады.";

6) 10-баптың бірінші бөлігіндегі:

"бекіткен ережеге сәйкес" деген сөздер "белгілеген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар түріндегі бағалы қағаздарды қайта бағалау шоты, оның ішінде шетел валютасындағы шот та, олардың құнын қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған табысты есепке алуға арналады." деген сөздер алынып тасталсын;

7) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің кірісі

Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржы жылы ішіндегі таза кірісі осы қаржы жылына жатқызылатын нақты алынған кірістер мен шығыстар (алтын-валюта активтерін қайта бағалау шотына жатқызылатын жұмсалмаған кірістің пайда болған сомасын алып

тастағанда) арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің банк активтері бойынша құрылған жалпы провизияларының (резервтерінің) сомасына азайтылған таза кірісі қажет болған жағдайда Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген мөлшерде жарғылық және резервтік капиталдарды қалыптастыруға жіберіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық есебін бекіткеннен кейін, алынған кірістің қалған бөлігі келесі қаржы жылында республикалық бюджетке аударылады.

Жарғылық және резервтік капиталдарды қалыптастыру үшін алынған пайда жеткіліксіз болған жағдайда, пайда болған айырмашылық Қазақстан Ұлттық Банкінің кейінгі қаржы жылдарының таза кірісі есебінен өтеледі.";

8) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлері

1. Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлерін қалыптастыру тәртібі, еңбек және оған ақы төлеу шарттары осы Заңға қайшы келмейтін бөлігіндегі Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдарына сәйкес айқындалады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлерін:

- 1) саяси мемлекеттік қызметшілер;
- 2) әкімшілік мемлекеттік қызметшілер;
- 3) қызметкерлер құрайды.

3. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер мен қызметкерлер санатына жатқызылған лауазымдардың тізбесін Қазақстанның Ұлттық Банкі бекітеді.

4. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер мен қызметкерлер санатына жатқызылған лауазымдардың бос қызмет орындарына қызметкерлер алу Қазақстан Ұлттық Банкінің органдары белгілеген тәртіппен жүргізіледі.";

9) 15 - бапта :

б) тармақшасында :

"банк қызметі" деген сөздер "банк қызметінің, бухгалтерлік есептің, ақша төлемі мен аударымының, вексель айналысының, валюталық операцияларды жүзеге асырудың және олардың сақталуын қадағалаудың жекелеген мәселелері" деген сөздермен ауыстырылсын ;

д) тармақшасы алынып тасталсын ;

е) тармақшасында :

"ломбардтарға, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті ұйымдарға берілетін лицензияларды қоспағанда," деген сөздер "осы Заңда көзделген" деген сөздермен ауыстырылсын ;

е-3) тармақшасы алынып тасталсын ;

л) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"л) Қазақстан Ұлттық Банкінің шоғырландырылған қаржылық есебін қарау және б е к і т у ; " ;

н), т) тармақшалары алынып тасталсын;

о) тармақшасындағы "жүйесі мен мөлшерін" деген сөздер "және" деген жалғаумен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

с) тармақшасындағы "бухгалтерлік есептің қазақстандық стандарттарын" деген сөздер "қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы ц) және ч) тармақшаларымен толықтырылсын:

"ц) Қазақстан Ұлттық Банкінің таза кірісін бөлу;"

ч) өкілеттігіне Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттардың негізінде берілген активтерді сенімгерлік басқару бойынша шұғыл шешім қабылдау жатқызылатын лауазымды тұлғаны (Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарынан төмен емес деңгейдегі) белгілеу. " ;

10) 19 - б а п т а :

алтыншы бөлік алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Директорлар кеңесі Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есебінің құрылымын айқындайды. " ;

11) 24-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасының Үкіметін тікелей қаржыландыруға тыйым салынады. " ;

12) 27-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын оларды бастапқы рынокта орналастырған кезде өз меншігіне алуға құқығы жоқ. " ;

13) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Мемлекеттік бағалы қағаздар айналысын реттеу

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарының айналысын реттеуді жүзеге асырады. " ;

14) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын айқындайтын және жүзеге асыратын бірден-бір орган болып табылады. Ақша-кредит саясатын Қазақстан Ұлттық Банкі инфляцияның төменгі деңгейін және ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. " ;

15) 30 және 31-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Ақша-кредит саясаты операцияларының түрлері

1. Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын іске асыру мақсатында операциялардың мынадай түрлерін:

з а е м д а р б е р у ;

д е п о з и т т е р қ а б ы л д а у ;

в а л ю т а л ы қ и н т е р в е н ц и я л а р ;

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді шоттарын шығару;
мемлекеттік және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және сату, оның ішінде кері сатып алу құқығымен;

к о м м е р ц и я л ы қ в е к с е л ь д е р д і қ а ы т а е с е п т е у ;

Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша басқа да операцияларды жүзеге асырады.

2. Ақша-кредит саясаты:

қ а ы т а қ а р ж ы л а н д ы р у д ы ң р е с м и с т а в к а с ы н ;

ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы ставкаларының деңгейлерін;

ең төменгі міндетті резервтердің (резервтік талаптардың) нормативтерін;
ерекше жағдайларда операциялардың жекелеген түрлерінің деңгейі мен көлеміне тікелей сандық шектеулерді белгілеу арқылы жүзеге асырылады.

31-бап. Ресми қайта қаржыландыру ставкасы

Қазақстан Ұлттық Банкі ақша рыногының жалпы жай-күйіне, заемдар бойынша сұраныс пен ұсынысқа, инфляция деңгейіне және инфляциялық күтулерге байланысты ресми қайта қаржыландыру ставкасын белгілейді.

Қазақстан Ұлттық Банкі ресми қайта қаржыландыру ставкасына сәйкес коммерциялық вексельдерге қайта есептеу жүргізеді.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасы ақша-кредит саясатының негізгі операциялары үшін сыйақы ставкалары бойынша бағдар болып табылады.";

16) 33-36-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Бағалы қағаздарды сатып алу және сату

Мемлекеттік және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және сатуды Қазақстан Ұлттық Банкі жалпы ақша-кредит саясаты шеңберінде жүзеге асырады.

34-бап. Ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы с т а в к а л а р ы

Қазақстан Ұлттық Банкі жүзеге асырылатын ақша-кредит саясаты шеңберінде қаржы рыногындағы рыноктық сыйақы ставкаларына ықпал ету мақсатында ақша-кредит саясатының негізгі операциялары бойынша сыйақы ставкаларын б е л г і л е й д і .

35 - б а п . З а е м д а р

Банктердің өзара қарыз беру және өтеу тәртібін, шарттарын, түрлерін, мерзімдерін

және лимиттерін Қазақстан Ұлттық Банкі айқындайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының қабылданған бағдарларына сәйкес банктерге қарыз берудің жалпы көлемін реттейді.

Қазақстан Ұлттық Банкі өтімділігі жоғары және тәуекелі жоқ бағалы қағаздарға және басқа да активтерге қамтамасыз етумен және сол сияқты қамтамасыз етусіз бір жылдан аспайтын мерзімге заемдар береді. Бұл мерзімді Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы ұзартуы мүмкін.

Қазақстан Ұлттық Банкінің заемдарын қамтамасыз ету үшін кепіл заттары Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген кепілдердің барлық түрлері болады.

Қазақстан Ұлттық Банкі соңғы инстанция кредиторы ретінде банктерге қамтамасыз етумен және сол сияқты қамтамасыз етусіз де Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіппен және мерзімдерге ұлттық және шетел валютасымен заемдар беруге құқылы.

36-бап. Валюталық интервенциялар

Қазақстан Ұлттық Банкінің валюталық интервенциялары қазақстан теңгесінің бағамына ықпал ету мақсатында банкаралық немесе биржалық рыноктарда шетел валютасын және валюталық мәмілелердің басқа да түрлерін сатып алу-сату арқылы дербес жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің валюталық интервенциялары жалпы ақша-кредит саясаты шеңберінде жүргізіледі.";

17) мынадай редакциядағы 36-1-36-3-баптармен толықтырылсын:

" 36 - 1 - б а п . Д е п о з и т т е р

Депозиттерді тарту мен өтеудің тәртібін, шарттарын, мерзімдері мен тарту лимиттерін Қазақстан Ұлттық Банкі айқындайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі ұлттық валюта да сол сияқты, шетел валютасында депозиттер тартуға құқылы.

36-2-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары - Қазақстанның Ұлттық Банкі эмиссиялайтын мемлекеттік бағалы қағаздар.

Қысқа мерзімді ноттарды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібі мен шарттарын Қазақстан Ұлттық Банкі айқындайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының мақсаттарына сәйкес қысқа мерзімді ноттарды ұлттық валютамен, сол сияқты шетел валютасымен шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

36-3-бап. Коммерциялық вексельдерді қайта есептеу

Қазақстан Ұлттық Банкі вексельдерді қайта есептеу тәртібін және Қазақстанның Ұлттық Банкі қайта есептеуге вексельдерді қабылдау үшін қойылатын шарттарды белгілейді." ;

18) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"46-бап. Ақаулы банкноттар

Өзінің толық көлемінің кемінде жетпіс проценті сақтаған тозған бүлінген банкноттарды Қазақстан Ұлттық Банкінде және Қазақстан Республикасының банктерінде шектеусіз айырбастайды.

Өзінің толық көлемінің кемінде елу процентін сақтаған тозған бүлінген банкноттарды Қазақстан Ұлттық Банкі қабылдайды және өзі белгілеген ережелерге сәйкес айырбастайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі жоғалған немесе жойылған банкноттар мен металл ақшаны өтеуге міндетті емес." ;

19) 47-1-бапта "банктер", "банктердің" деген сөздерден кейін тиісінше ", банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар", ", банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын ;

20) мынадай мазмұндағы 48-1-баппен толықтырылсын:

"48-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелерін ұйымдастырудағы және реттеудегі өкілеттіктері

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының аумағында төлем жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігін және сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі өз құзыреті шегінде халықаралық (мемлекетаралық) төлемдер жүйесін ұйымдастыруды қатысуға құқылы." ;

21) 52-1-баптың :

1) және 2) тармақшаларында "алты айдан" деген сөздер "бір жылдан" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) тармақшада "өтеу мерзімі бір жылдан аспайтын" деген сөздер алынып тасталсын;

22) 53-бап алынып тасталсын ;

23) 55-бап алынып тасталсын ;

24) 56-баптың д) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"д) Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілейді";

25) 58-бапта :

бірінші бөліктің үшінші абзацы алынып тасталсын; үшінші бөліктегі "осы Заңмен" деген сөздер "Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 60-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"60-бап. Алтын-валюта активтерін қайта бағалау шоты Қазақстан Ұлттық Банкінің қаржы жылы ішіндегі Қазақстан Ұлттық Банкінің

алтыннан немесе шетел валютасынан немесе алтынның құнынан тұратын активтерін немесе міндеттемелерін бағалаудағы өзгерістердің салдары болып табылатын жұмсалмаған кірістері жұмсалған кірістер мен шығыстарды қоспағанда, айырмашылықты қайта бағалау шотына жатқыза отырып, қаржы жылы ішінде жүргізілетін қайта бағалаумен реттеледі.

Алтын-валюта активтерінің жинақталған қайта бағалау сомасы ағымдағы жылы алтын-валюта активтерін қайта бағалаудан түскен жұмсалмаған кірістер мен шығыстардың таза позициясы бойынша пайда болған теріс соманы өтейді, сондай-ақ активтер шығарылған кезде Қазақстан Ұлттық Банкі белгіленген тәртіппен жұмсалған кірістерге жатқызылады." ;

27) 61 - бапта :

бірінші бөлік "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар осы Заңда және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған өкілеттіктер шегінде" деген сөздермен толықтырылсын ;

үшінші бөлікте "Оның реттеушілік функциясы" деген сөздер "Қазақстан Ұлттық Банкінің реттеушілік функциясы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

төртінші және бесінші бөліктерде "банктер" деген сөзден кейін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын ;

28) 62-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"62-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің реттеу мен қадағалауды жүзеге асырудағы негізгі өкілеттіктері

Қазақстан Ұлттық Банкі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде қаржылық ұйымдарды лицензиялауды, бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Ұлттық Банкі осы мақсаттарда:

қаржылық ұйымдар және олардың клиенттері орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға ;

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда қаржылық ұйымдарға банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиялар беру шарттары мен тәртібін айқындауға ;

Қазақстан Ұлттық Банкінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қаржылық ұйымдар мен өзге де тұлғалардың қызметін тексеруді жүзеге асыруға ;

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және азаматтардан өздерінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қажетті мәліметтер алуға өкілетті.

Қазақстан Ұлттық Банкі басқа мемлекеттердің орталық банктерімен және қадағалау органдарымен ынтымақтастықта болады және өздерінің бақылау функцияларын жүзеге

асыруға қажетті ақпаратпен алмасуға құқылы.";

29) 62-1, 63, 64-баптар алынып тасталсын;

30) 66-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын;

31) 67 - бапта :

бірінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Ұлттық Банкінің жылдық шоғырландырылған қаржылық есебін";

екінші бөлігі алынып тасталсын;

32) 68-баптың үшінші бөлігінде "қаржы-шаруашылық" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

33) 70 - бапта :

"Банк" деген сөз алынып тасталсын;

"банкте" деген сөзден кейін ", банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 70-1-баптың екінші бөлігінде "Ұлттық қорын" деген сөздерден кейін ", өзге де қорлары мен ұйымдарын" деген сөздермен толықтырылсын;

35) 72-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын;

36) 73-бап алынып тасталсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Тауар биржалары туралы" 1995 жылғы 7 сәуірдегі заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 26-құжат; 1997 ж., N 11, 143-құжат):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";

2) кіріспесі алынып тасталсын;

3) мәтіндегі "Жарлықты", "Жарлықтың", "Жарлық" деген сөздер "Заңды", "Заңның", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 20-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

7. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат, N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат):

1) 6-баптың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жүргізуге арналған лицензиялардың нысандарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Осы Заңның 11-бабының 1), 2-1), 3)-5), 6)-8) тармақшаларында көзделген қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың нысандарын қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді."

2) 11-баптың 1-тармағында:

1) тармақшадағы "банктер" деген сөзден кейін "және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті;"

3) тармақшадағы "аудиторлық тексеру" деген сөздер "аудит" деген сөзбен ауыстырылсын.

8. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157 - құжат) :

6-баптың екінші бөлігінде "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

1) 1-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк)" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-бапта:

баптың тақырыбында және мәтінінде "Салым (депозит)" деген сөздер "Депозит" деген сөзбен ауыстырылсын;

"(оның ішінде Ұлттық Банкке)" деген сөздер ", оның ішінде Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3 - баптың 2 - тармағы:

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк өзінің құзыреті шегінде банк қызметінің жекелеген мәселелері бойынша реттеуді және қадағалауды жүзеге асырады және банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыс істеуі үшін жалпы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты Ұлттық Банктің реттеу және қадағалау функциялары Қазақстан Республикасының ақша-кредит жүйесінің тұрақтылығын қолдауға, банктердің кредиторларының, олардың салымшыларының және клиенттерінің мүдделерін қорғауға бағытталған."

4) 4 - бапта:

"шығарылатын" деген сөзден кейін "уәкілетті органның және" деген сөздермен толықтырылсын;

"өз құзыретіне" деген сөздер "өздерінің құзыретіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 5-бап "Ұлттық Банкінің" деген сөздердің алдынан "уәкілетті органның және/немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 1, 2-тармақтар "Ұлттық Банктің" деген сөздердің алдынан "уәкілетті органның немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 7-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 8 - баптың 2 - тармағында:

а) тармақшасында:

"мемлекеттік емес" деген сөздер алынып тасталсын;

"қор биржасында листингтен өткен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын қор биржасының аса жоғары санаттағы тізіміне енгізілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Банктердің бір заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысуы банктің меншік капиталының он процентімен аспауға тиіс;"

г) тармақшасында:

"акциялары" деген сөзден кейін "(қатысу үлестері)" деген сөздермен толықтырылсын;

"(заңды тұлғаның жарғылық капиталына кепіл ретінде бұрын қабылданған акциялардың банктің меншігіне көшуі арқылы банктің тікелей қатысуы банктің меншікті капиталының жиырма бес процентінен аспауы тиіс, мұндайда оларды іске

жарату бір жылдан аспауы тиіс)" деген сөздермен толықтырылсын;
е - 1) тармақшасында :

"қор биржасында листингтен өткен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын қор биржасының аса жоғары санаттағы тізіміне енгізілген" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бір заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу осы баптың 2-тармағының г) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда банктің меншікті капиталының он процентінен аспауы тиіс.";

9) 9 - бапта :

2 - тармақта :

"Ұлттық Банк" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөлікте "Ұлттық Банк" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақта мемлекеттік тілдегі мәтінінде "Ұлттық Банктің" деген сөздердің алдынан "уәкілетті органның немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 11 - бапта :

1 және 4-тармақтардағы "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкке" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының резидент банкінің өкілдіктері уәкілетті органның келісімімен Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ашылады.";

11) 11-1-баптың 2, 3, 4, 5, 6, 7-тармақтардағы "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкке", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті органға", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

12) 2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Банкті құру және банктің жарғылық капиталына қатысу";

13) 12-бап алынып тасталсын;

14) 13 - бапта :

баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкке", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті органға", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақ мемлекеттік тілдегі мәтінінде "қабылдаған жағдайда" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Заңның 49-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша рұқсат қайтарылып алынған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 15 - бапта :

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Банктің ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктер акционерлік қоғамдардың нысанында құрылады";
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Банк өзінің жарғысында жазылғанды атауы ретінде пайдаланады.

Банктің атауында міндетті түрде "банк" немесе одан туындаған сөз болуға тиіс.

Банктің ешқайсысы кез келген құжатта, хабарландыруда немесе жарнамада өз жарғысында жазылған атаудан өзгеше аталуға құқығы жоқ.";

1 6) 1 6 - б а п т а :

1-тармақтағы "төленеді" деген сөз "көрсетіледі және төленеді"
деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген
сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банктің құрылтайшылары және акционерлері - заңды тұлғалар акцияларға
орналастырылған активтерді және басқа тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу
үлесін шегеріп тастағанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің
талаптарына сәйкес есептелген меншікті капиталы шегінде банк акцияларын сатып
алады." ;

7-тармақтағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен
ауыстырылсын ;

8-тармақтағы "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті орган", "
уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын";

1 7) 1 7 - б а п т а :

1-тармақтағы "баяндалған" деген сөздің алдында "баптың 5 және 6-тармақтарында"
деген сөздермен толықтырылсын ;

4, 5, 6, 7-тармақтарда "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкке" деген
сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органға" деген сөздермен
ауыстырылсын ;

7-тармақ "ірі қатысушыларын" деген сөздерден кейін "және олардың қаржылық
жай-күйін" деген сөздермен толықтырылсын;

1 8) 1 7 - 1 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкке" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті
органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"ол ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізімін";

5 және 7-тармақтарда "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті
орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мемлекеттік тілдегі мәтінінде мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"5) олардың туыстары болып табылатын ірі қатысушылар немесе лауазымды тұлғалар бірлесіп банк холдингі болып табылатын тұлғалар деп танылады.";

19) 18 - бапта :

1-тармақтағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

18-баптың 2-тармағы алынып тасталсын ;

20) 19 - бапта :

1, 3, 4, 5, 6-тармақтардағы "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3 - тармақта :

б) тармақшасындағы :

"бухгалтерлік баланстары" деген сөздер "қаржылық есебі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"қорытындысы" деген сөз "есебі" деген сөзбен ауыстырылсын ;

г) тармақшасындағы :

"бухгалтерлік баланс" деген сөздер "қаржылық есеп" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"қорытындысы" деген сөз "есебі" деген сөзбен ауыстырылсын ;

4 - тармақта :

"қорытындысы" деген сөз "есебі" деген сөзбен ауыстырылсын ;

21) 20 - бапта :

баптың атауында және барлық мәтін бойынша "банктің", "банктер" деген сөздерден кейін ", банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның", ", банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"1. Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері, басқармасының төрағасы мен мүшелері, банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атынан құжаттарға қол қою немесе банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның өзге де басшылары атынан оның активтерін иеліктен алу құқығы бар өзге де басшылары, банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның бас бухгалтері мен оның орынбасарлары, банк филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның бірінші басшысы мен бас бухгалтері банктің басшы қызметкерлері деп танылады.";

2 және 5-тармақтарда "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақтың в) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын :

"в) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған банкті немесе басқа заңды тұлғаны

мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын банктің немесе басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар танылады. Аталған талап белгіленген тәртіппен банкті немесе басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.";

4-тармақта "оның орынбасары" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атынан құжаттарға қол қою немесе банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атынан олардың активтерін иеліктен алу құқығы бар басшысы" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта үшінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Келісу үшін қайтадан ұсынуға келісім беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде үш айдан кейін жол беріледі.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлерін келісудің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.";

2 2) 2 1 - б а п т а :

1-1, 2 және 4-тармақтарда "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің" деген сөздер тиісінше " уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "он және одан көп процентін иеленуші" деген сөздер "он және одан көп процентін иеленуші және/немесе сатып алуды болжайтын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

23) 22-баптағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

24) 23-баптағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

25) 24-баптың 2-тармағындағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 6) 2 5 - б а п т а :

"Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкпен" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банкті әділет органдарында мемлекеттік тіркегеннен кейін банк он төрт күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға тіркеген органның белгісі және мөрі қойылған құрылтай шартының және жарғының және банкті мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің

нотариат куәландырған көшірмелерін беруге міндетті.";

27) 26 - бапта :

1 - тармақта :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңға сәйкес банктік санатқа жатқызылған операцияларды, сондай-ақ осы Заңда белгіленген өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензияларды құзыретінің шегінде және осы Заңның талаптарына сәйкес уәкілетті орган, Ұлттық Банк белгілеген тәртіппен уәкілетті орган немесе Ұлттық Банк береді.";

екінші бөлік алынып тасталсын;

үшінші бөлікте "Ұлттық Банктің" деген сөздерден кейін "немесе уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың а) тармақшасы мемлекеттік тілдегі мәтінінде мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"а) барлық ұйымдық-техникалық шараларды орындауға, оның ішінде уәкілетті органның немесе Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін үй-жай мен жабдықтар әзірлеуге, сондай-ақ тиісті біліктілігі бар қызметкерлер жалдауға;" ;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жұмыс істеп тұрған банк қосымша банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін :

1) банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін өтініш беру алдында қатарынан үш ай бойы пруденциалдық нормативтердің және сақтауға міндетті басқа нормалар мен лимиттердің ;

2) тәуекелдер мен ішкі бақылау жүйелері бар бөлікте уәкілетті орган белгілеген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.";

4-тармақта "Ұлттық Банк" деген сөздердің алдында "уәкілетті орган немесе" деген сөздермен толықтырылсын ;

5-тармақтың мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Ұлттық және/немесе шетел валютасымен банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия шектеусіз мерзімге беріледі.";

8-тармақта "Ұлттық Банктің" деген сөздердің алдында "уәкілетті органның немесе" деген сөздермен толықтырылсын ;

28) 27-баптың а) тармақшасындағы "2-тармағында" деген сөздер "2 және 2-1-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын ;

29) 28 - бапта :

"Ұлттық Банкімен", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органмен", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармағымен толықтырылсын:

"2-1. Құрылтай құжаттарына енгізілетін, оның ішінде әділет органдарында қайта

тіркелуді қажет ететін өзгерістер немесе толықтыруларды мемлекеттік тіркегеннен кейін банк он төрт күнтізбелік күн ішінде тіркеген органның белгісі және мөрі бар құрылтай құжаттарына өзгерістер немесе толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін уәкілетті органға ұсынуға міндетті.";

3 0) 2 9 - б а п т а :

"Ұлттық Банкінің", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

", біріктіруге" деген сөз алынып тасталсын;

"уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіптен және талаптарға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банк филиалын ашуға келісім беру туралы өтінішке мына құжаттар қоса ұсынылуы тиіс:

- 1) банктің уәкілетті органының филиал ашу туралы шешімі;
 - 2) банк растаған және филиал жүргізуге уәкілетті болатын банк операцияларының тізбесін қамтитын үш данадағы банк филиалы туралы ереже;
 - 3) осы Заңның 19-бабы 3-тармағының және 20-бабы 3-5-тармақтарының талаптарына сәйкес жасалған банк филиалының бірінші басшысы мен бас бухгалтері қызметтеріне кандидаттар туралы мәліметтер.";
- мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Банктің филиалы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде банк тиісті шешім қабылданған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлауы тиіс.";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Қазақстан Республикасының резидент банкі өкілдік ашу туралы өтініш беру алдында қатарынан үш ай бойы банктің қаржылық жағдайы тұрақты болғанда, пруденциалдық нормативтерді және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтаған жағдайда уәкілетті органға Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде банктің өкілдігін ашуға келісім беру туралы өтініш беруге құқылы.

Қазақстан Республикасы резидент банкінің өкілдігін ашуға келісім беру туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) банк өкілдігін ашу туралы шешім қабылдауға уәкілетті банк органының шешімі;
- 2) үш дана етіп жасалған банк растаған Өкілдік туралы ереже;
- 3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес өкілдіктің бірінші басшысы туралы деректер.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы резидент банкінің өкілдік ашуға келісім беру туралы мәселені үш ай мерзімде қарауы тиіс.

Қазақстан Республикасы резидент банкінің өкілдік ашуға келісім беруден бас

тартуы кез келген мынадай негіздемелер бойынша жүргізіледі:

1) банктің қаржылық жай-күйі тұрақсыз болған жағдайда;

2) банктің өкілдігін ашуға келісім беру туралы өтініш беру алдындағы қатарынан алты айдың ішінде пруденциалдық нормативтерді және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді банк орындамағанда;

3) банкке қатысты осы Заңда көзделген қолданылып жүрген шектеулі ықпал ету шаралары және санкциялар болғанда;

4) осы тармақта көзделген құжаттардың біреуі берілмегенде.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының резиденті емес банктің өкілдік ашуға келісім беру туралы мәселесін үш ай мерзімде қарауға тиіс.

Қазақстан Республикасы резидент емес банкінің өкілдік ашуға келісім беруден бас тартуы осы тармақта көзделген кез келген құжаттардың бірін ұсынбаған жағдайда жүргізіледі." ;

8-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Филиалды және өкілдікті әділет органдарында есептік тіркеуден өткізгеннен кейін банк он төрт күн ішінде тіркеуден өткізген органның белгісі мен мөрі бар филиал немесе өкілдік туралы ереженің нотариат куәландырған көшірмесін уәкілетті органға беруге міндетті." ;

31) 30 - баптың :

1-тармағы "банкiлердiң" деген сөзден кейiн "банк операцияларының жекелеген түрлерiн жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - тармақта :

к) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"к) банкаралық клиринг: төлемдердi жинау, салыстырып тексеру, сұрыптау және растау, сондай-ақ олардың өзара есебiн жүргiзу және клиринг қатысушылары - банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерiн жүзеге асыратын ұйымдардың таза позицияларын айқындау;" ;

м) тармақшасындағы "қозғалатын мүлiктi" деген сөздер "өзге де қозғалатын мүлiктi" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) тармақшасы алынып тасталсын;

екiншi және үшiншi бөлiктер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Уәкілетті орган банктер мен кредиттік серіктестіктерге а), б), в), в-1), д), е), ж), з), и), р), с), у), ф), х) тармақшаларында көзделген операцияларды жүргізуге лицензиялар береді.

Уәкілетті орган г), к), л), м), н), о), п) тармақшаларында көзделген операцияларды жүргізуге лицензияларды Ұлттық Банктің оң қорытындысы болғанда береді.

Ұлттық Банк банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын

ұйымдарға к), о), п) тармақшаларында көзделген операцияларды жүргізуге лицензиялар береді." ;

3-тармақтағы "Ұлттық Банкінің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4 - т а р м а қ т а :

г) тармақшасының бірінші абзацы алынып тасталсын;
екінші абзацы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Банктердің бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің жоғарыда аталған бір немесе бірнеше бірлескен түрлерін жүзеге асыруына лицензияларды уәкілетті орган береді." ;

5 - т а р м а қ т а :

"Ұлттық Банктің" деген сөздердің алдында "уәкілетті органның немесе" деген сөздермен толықтырылсын ;

"банктер" деген сөздерден кейін "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Осы баптың 2-тармағының б) тармақшасында көзделген банк операцияларын жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушылары болып табылатын банктер ғана жүргізуге құқылы." ;

32) 31-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Уәкілетті орган заңсыз кіріс алумен, ақшаны және қылмыстық жолмен сатып алынған өзге де мүлікті пайдалануға байланысты заңға қарсы қызметті болдырмау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған қызмет түрлерін қаржыландыруға қарсы іс-әрекетті қамтамасыз ету мақсатында банктердің осы Заңның 8-бабының 2-тармағында көзделген банк операцияларын және өзге қызметті жүргізу тәртібіне қосымша талаптар белгілеуге құқылы." ;

33) 35-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "беруге" деген сөзден кейін "немесе қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемені қабылдауға" деген сөздермен толықтырылсын ;

3 4) 4 0 - б а п т ы ң :

3-тармағындағы "олардың жақын туыстары" деген сөздер "олардың жұбайлары және жақын туыстары" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "мұндай иеленуші мемлекет болып табылатын жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын ;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын :

"Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға берілген (тұлғаларда орналастырылған) активтер акционерлердің жалпы жиналысында кейіннен хабарлана

отырып, есептен шығарылады." ;

8-тармақтағы "Ұлттық Банкке", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органға", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 41, 42, 43, 44, 45, 46-баптардағы "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкке" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 46 - бапта :

"Ұлттық Банкінің", "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банкіні" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті орган", "уәкілетті органды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жазбаша нұсқау - анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоюға бағытталған орындалуы міндетті түзету шараларын қолдану туралы банкке берілген нұсқау." ;

37) 47 - бапта :

"Ұлттық Банкінің", "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банкінің" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті орган", "уәкілетті органды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган осы баптың 2-тармағының е) тармақшасында көзделген санкцияны қолданған жағдайда, қызметінен шеттетілген қызметкерлерді жұмыстан босату туралы шешімді оларды тиісті қызметтерге тағайындаған немесе сайлаған органдар қабылдайды." ;

4-тармақ алынып тасталсын;

5-тармақтағы "Ұлттық Банктің" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган лицензияны қайтарып алу жөнінде қабылданған шешім туралы ақпаратты екі мерзімді басылымдарда жариялайды." ;

8 - тармақта :

"Ұлттық Банктің" деген сөздер алынып тасталсын;

38) 47-1-бапта "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 48 - бапта :

1 - тармақтың :

г) және м) тармақшаларында "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

ж) тармақшасындағы "Ұлттық Банкіге" деген сөздердің алдында "уәкілетті органға және/немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

з) тармақшасындағы "Ұлттық Банкінің" деген сөздің алдынан "уәкілетті органның немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы к-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"к-1) банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым өзіне берілген лицензияға сәйкес қызметті лицензия берілген күннен бастап қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде жүзеге асырмаса;" ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Депозиттер қабылдауға, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиялар жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылмайтын банктен қайтарып алынады." ;

2-тармақ "Ұлттық Банк" деген сөздерден кейін "уәкілетті орган" деген сөздермен толықтырылсын ;

40) 48 - 1 - б а п т ы ң :

2-тармағындағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3 - т а р м а ғ ы н д а ғ ы :

"Ұлттық Банктің өтініші бойынша банк қызметін тоқтату туралы уәкілетті органның өтінішімен сот іс қозғағанға дейін" деген сөздер "банктің тарату комиссиясын тағайындау туралы соттың шешімі заңды күшіне енгізілгенге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімі) тағайындалған күннен бастап банктің тарату комиссиясын тағайындау туралы соттың шешімі заңды күшіне енгізілгенге дейін оның қызметін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады." ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімінің) есебі уәкілетті органға және банкті тарату туралы шешім қабылдаған сотқа беріледі." ;

5 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

6-тармақтағы "арнайы басқарушыға (басқару жөніндегі уәкілдік берілген адамдарға)" деген сөздер "тарату комиссиясының төрағасына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Банктің құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясының төрағасына беру төрт дана етіп жасалатын қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді және уәкілетті орган бекітеді. Бекітілген актінің бір данасы іс материалдарына тігу үшін сотқа жіберіледі." ;

8-тармақтағы "мен арнайы басқарушысының (басқару жөніндегі уәкілдік берілген адамдардың)" деген сөздер алынып тасталсын ;

9-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімінің) және тарату комиссиясының құрамына қосылған Ұлттық Банк қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жағдайларын қоспағанда, Ұлттық Банктің банктердің мәжбүрлеп қайта ұйымдастырылуы мен

таратылуы бойынша шығындарды қаржыландыруына, сондай-ақ банктің мүлкі болмаған не оның құны осы шығыстарды жабуға жеткіліксіз болған жағдайларда, соттың банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі жөніндегі ақпаратты орталық әділет органының ресми баспа басылымдарына жариялау жөніндегі шығыстарды өтеуіне жол берілмейді." ;

4 1) 4 9 - б а п т а :

"Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "Уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы а-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"а-1) осы Заңның 25-бабының екінші бөлігінде көзделген мерзімді бұзуы;" ;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

4-тармақтағы "Ұлттық Банктің Басқармасы" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 2) 5 2 - б а п т а :

"Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

баптың тақырыбында және мәтін бойынша "салымдар (депозиттер)" деген сөздер "депозиттер" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 3) 5 4 - б а п т ы ң :

1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлігінде "Ұлттық Банк" деген сөздерден кейін "уәкілетті органмен бірлесе отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлігінде "бекітілген бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіпке" деген сөздер "Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру жөніндегі заңдарында белгіленген талаптарға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақтағы "Банкілер" деген сөзден кейін "уәкілетті органға сұратуы бойынша және/немесе Ұлттық Банкіге оның өз құзыреті шегінде жіберген сұратуы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын ;

2-1-тармақтағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақтағы "Ұлттық Банктің" деген сөздердің алдында "уәкілетті органның және/немесе" деген сөздермен толықтырылсын ;

44) 54-1-баптағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

45) 55-баптағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган және/немесе Ұлттық Банк" деген сөздермен ауыстырылсын ;

46) 56-баптағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

47) 57 - баптың :

1 - тармақта :

"Ұлттық Банкке" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті орган банк қызметіне аудит жүргізуге лицензиялар береді.";

3-тармақтың үшінші абзацында "заңдарға және" деген сөздерден кейін "уәкілетті органға және" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - тармақтың :

екінші бөлігінде "Қорытындысы" деген сөз "Есебі" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлігінде :

"және қорытындысын" деген сөздер алынып тасталсын;

"Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5 және 6-тармақтарда "Ұлттық Банкіге", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органға", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 58 - баптың :

1 және 3-тармақтарында "Ұлттық Банкіге", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органға", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банк қызметіне аудит жүргізуге лицензияларды беру, олардың қолданылуын тоқтату және қайтарып алу тәртібі және шарттары, өтініш берушіге қойылатын талаптар осы Заңда белгіленген талаптарды ескере отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

3-тармағы алынып тасталсын;

49) 59 - бапта :

тақырыбында :

", қорытындысын" деген сөз алынып тасталсын;

"Ұлттық Банкіге", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органға", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - тармағында :

"есебі, қорытындысы барлық жағдайда жарамсыз деп танылады" деген сөздер "есебі барлық жағдайда жарамсыз деп танылып" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) тармақшасында "қорытынды сәйкес келмейді" деген сөздер "сәйкес келмейді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - тармағында :

а) тармақшасында ", қорытындыларын" деген сөз алынып тасталсын;

в), г) тармақшаларында "қорытынды" деген сөз "есебі" деген сөзбен ауыстырылсын;

е) тармақшасында "жою туралы" деген сөздерден кейін "бухгалтерлік есеп және

аудит саласында" деген сөздермен толықтырылсын;

50) 60, 61, 62 және 63-баптарда "Ұлттық Банкінің", "Ұлттық Банк" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 1) 6 4 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті органның банкке консервациялау жүргізу туралы шешімінде мыналар бо л у ғ а т и і с : " ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Уәкілетті органның банкке консервациялау жүргізу туралы шешімі кемінде екі мерзімдік баспасөз басылымында жарияланады.";

5 2) 6 6 - б а п т ы ң :

тақырыбындағы "Ұлттық Банкінің тарапынан" деген сөздер алынып тасталсын; 1 және 2-тармақтарында "Ұлттық Банкінің", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 67-баптағы "Ұлттық Банкінің", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

54) 68-баптың 1-тармағының а) тармақшасындағы "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 5) 6 8 - 1 - б а п т а ғ ы :

"Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

екінші бөлік "ерікті" деген сөзден кейін "немесе мәжбүрлеп" деген сөздермен то л ы қ т ы р ы л с ы н ;

үшінші бөлік алынып тасталсын;

5 6) 6 9 - б а п т ы ң :

1 - т а р м а ғ ы н д а ғ ы :

"Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "банк міндеттемелері бойынша" деген сөздердің алдында "тарату комиссиясының мүшелеріне үміткерлер тізімі, оның ішінде филиалдарда не өкілдіктерінде құрылатын оның бөлімшелерінің тізімі" деген сөздермен то л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтағы "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

4 - т а р м а қ т ы ң :

б і р і н ш і б ө л і г і н д е г і :

"Ұлттық Банктен" деген сөздер алынып тасталсын;

"тарату комиссиясын" деген сөздердің алдында "банктің филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөлігіндегі "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-1-тармақтағы "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

"Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тарату комиссиясы банкті таратуды аяқтаған кезде құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен мұрағатқа тапсыруға және бұл жөнінде уәкілетті органға х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і . " ;

7-1) тармақта "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5 7) 7 1 - б а п т ы ң :

1-тармағындағы "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Сот банкті банкрот деп тану және оны мәжбүрлеп тарату туралы шешімді уәкілетті органға жібереді. " ;

5 8) 7 2 - б а п т ы ң :

1-тармағындағы "Ұлттық Банктің" деген сөздер алынып тасталсын;

2 - т а р м а қ т ы ң :

бірінші бөлігіндегі "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөлігіндегі "Ұлттық Банк" деген сөздер алынып тасталсын;

5 9) 7 3 - б а п т а :

"Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банк" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның", " уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот банкті мәжбүрлеп тарату туралы істі қозғаған күннен бастап:

1) құрылтайшылардың (қатысушылардың), банктің барлық органдарының банктің мүлкін басқаруға құқығы жоқ;

2) соттың бұрын қабылданған шешімдерін орындау тоқтатылады;

3) кредиторлардың банкке қойған кез келген талаптары, банкті ұстап тұруға ағымдағы шығыстарға байланысты талаптарды қоспағанда, тек тарату өндірісінде қ о й ы л у ы м ү м к і н ;

4) кредиторлардың, салық және өзге де уәкілетті мемлекеттік органның талаптары бойынша банктің банк шоттарынан салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер

бойынша, оның ішінде даусыз (акцептсіз) тәртіппен қанағаттандырылатын ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ банктің мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді;

5) банктің лауазымды тұлғаларына оларға тиесілі банк акцияларын иеліктен шығаруға тыйым салынады. ";

2-тармақ "сол банктің" деген сөздерден кейін ", осы Заңның 48-1 бабының 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Таратылатын банктің аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін уәкілетті орган бекітеді. ";

6-тармақ "Банктің тарату комиссиясының" деген сөздерден кейін ", оның ішінде банкрот болуы негізі бойынша таратылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

6-1-тармақтағы "банктің тарату комиссиясын тағайындаған" деген сөздер "банкті тарату туралы шешім қабылдаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"7. Тарату комиссиясы сотқа уәкілетті органмен келісілген тарату жөніндегі есепті және тарату балансын ұсынады.

Сот тарату жөніндегі есепті және тарату балансын бекітіп, тарату ісінің аяқталғаны туралы ұйғарым шығарады.

Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға және уәкілетті органға жібереді. ";

Банкті тарату аяқталған кезде тарату комиссиясы құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен мұрағатқа тапсыруға және бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті. ";

60) 74 - баптың :

1 - тармағының :

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банкті тарату туралы, оның ішінде банкроттық негізінде шешім қабылданғаннан кейін сот тарату өндірісін қозғайды және уәкілетті органға оның филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, банктің тарату комиссиясын құру жөнінде міндеттер жүктейді. ";

үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларын тағайындау тәртібі, тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне қойылатын талаптар, сондай-ақ таратуды жүзеге асыру тәртібі және тарату комиссияларының жұмысына талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктің тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және өзге де тартылған қызметкерлеріне төленетін сыйақының ай сайынғы мөлшері олардың әрқайсысына он ең төменгі жалақыдан аспауы тиіс. ";

3 - тармақ алынып тасталсын;

61) 74-2-баптың 3-тармағының г-1) тармақшасында "таратылатын банктің" деген сөздер ", таратылатын банкте ашылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

62) 74 - 3 - баптың :

1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банкке қатысты сауықтыру рәсімі соттың шешімі бойынша банкті мәжбүрлеп тарату туралы шаралары шеңберінде, оның төлем қабілетін және/немесе банктің заңдарда көзделген шарттары мен талаптарды орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.";

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2, 2-3 және 2-4-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Банк өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және/немесе анықталған кемшіліктерді жою мүмкіндігі болған жағдайда соған қатысты сауықтыру рәсімдерін қолдану туралы сотқа оның банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы мәселені қарауына байланысты өтініш білдіруге құқылы. Банктің өтінішіне міндетті түрде банкті сауықтыру жоспары қоса берілуі тиіс.

Банк өтінішінің қоса берілетін құжаттары бар бір данасы уәкілетті органға ұсынылады.

2-2. Банктің сауықтыру жоспары уәкілетті органмен алдын ала келісіледі және оны ұсынылған күннен бастап он күн ішінде сот бекітеді. Банктің сауықтыру жоспарын өзгертуге сот шешімі бойынша уәкілетті органның келісімімен жол беріледі.

2-3. Банкке қатысты сауықтыру рәсімдерін жүзеге асыру кезеңінің ұзақтығы алты айдан аспауы тиіс. Сауықтыру рәсімдерінің басталу және аяқталу мерзімін сот анықтайды. Сот бекіткен банктің сауықтыру жоспары банктің және оның лауазымды тұлғаларының орындауы міндетті құжат болып табылады.

2-4. Сауықтыру рәсімін банк уәкілетті органның бақылауымен жүргізеді. Сауықтыру рәсімі кезеңіндегі банк қызметі осы баптың талаптары ескеріле отырып, әдеттегідей тәртіппен жүзеге асырылады.";

3-тармақтың бірінші бөлігі "осы баптың 2-1, 2-4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыруды және оған қатысты сауықтыру рәсімдерін жүргізуді жүзеге асырудың өзге де мәселелері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.";

63) 74-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"74-4-бап. Уәкілетті органның банктерді тарату процесіндегі бақылау өкілеттіктері

1. Уәкілетті орган ерікті және мәжбүрлеп, оның ішінде банкроттық негізде таратылатын банктердің тарату комиссияларының қызметіне бақылау жүргізу

мақсатында :

1) тарату комиссияларынан істелген жұмыс туралы есеп, ал қажет болған жағдайда, қосымша ақпарат алуға ;

2) тарату комиссияларының есеп және қосымша ақпарат беру нысанын, мерзімін және кезеңділігін белгілеуге ;

3) тарату комиссияларының қызметін тексеруге ;

4) тарату комиссияларының қызметінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын, кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар анықталған жағдайда, тарату комиссиялары орындауға міндетті бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқауды шығаруға, нұсқаудың орындалу мерзімін белгілеуге ;

5) тарату комиссиясы жазбаша нұсқауды белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, кредиторлардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа не прокуратура органдарына өтініш беруге құқылы.

2. Уәкілетті орган қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы ісі сотта қаралатын банктерден қажетті ақпарат алуға құқылы.

3. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын бұзған жағдайда тарату комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңдарына сәйкес жауап береді."

64) 9-1-тарау және 74-5, 74-6, 74-7, 74-8, 74-9-баптар алынып тасталсын ;

65) 75-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде :

"белгіленеді" деген сөздің алдынан "осы Заңмен және өзге де" деген сөздермен толықтырылсын ;

"Ұлттық Банктің" деген сөздер "олардың құзыреті шегінде уәкілетті органның және Ұлттық Банктің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

66) 77-баптағы "Ұлттық Банкінің" деген сөздерден кейін "және уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын .

10. "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 12, 116-құжат):

3 - баптың :

4-тармағы мемлекеттік тілдегі мәтінінде мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Қызметін реттеу мен қадағалау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктелген ұйымдардың бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін реттеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады .

6-тармақтың 1) тармақшасының :

бірінші абзацы мемлекеттік тілдегі мәтінде мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Қызметін реттеу мен қадағалауды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жүктелген ұйымдар үшін:"

төртінші абзацы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасының талаптарын және бухгалтерлік есепке алу стандарттарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады".

11. "Валюталық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 20-21, 404-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; 1999 ж., N 20, 722-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат):

1) 1-1-баптың 10) және 11) тармақшаларында "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздер алынып тасталсын;

2) 11-баптың 3-тармағындағы "бағалы қағаздар шығару мен оның айналысы саласындағы қатынастарды реттейтін мемлекеттік органмен" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 13-баптың 5-тармағындағы "бағалы қағаздардың шығарылуы, айналысы саласындағы қатынастарды реттейтін мемлекеттік орган" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат):

1) 42-баптың:

1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"2-1) Осы Заңның 42-1, 42-2, 42-3, 42-4, 42-5 және 42-6-баптарында белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен консервациялауды енгізуге;"

2) мынадай мазмұндағы 42-1, 42-2, 42-3, 42-4, 42-5 және 42-6-баптармен толықтырылсын:

"42-1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау ұғымы

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау уәкілетті органның шешімі бойынша әкімшілік, заң, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және басқа да

іс-шаралар кешенін және жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын сауықтыру мен жұмыс сапасын жақсарту мақсатында оған қатысты рәсімдерін мәжбүрлеп жүргізуді білдіреді.

2. Жинақтаушы зейнетақы қоры осы Заңның 42-бабының 1-1-тармағының 3)-6) тармақшаларында көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша консервациялауға ұшырауы мүмкін."

3. Консервациялау режимін белгілеу уәкілетті органның шектелмеген мерзімге (бір жылға дейін) жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшілікті немесе жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны тағайындауды болжайды.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау жинақтаушы зейнетақы қорының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Уәкілетті органның консервациялау жүргізу туралы шешіміне жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері сот тәртібімен он күндік мерзімде шағымдануы мүмкін. Көрсетілген шешімді шағымдану жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялауды тоқтатпайды.

42-2-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы)

1. Уәкілетті орган уақытша әкімшілікті (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) оның қызметкерлері санынан не оның қызметкерлері болып табылмайтын, осы Заңның 40-бабының 2-тармағында белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін адамдар санынан тағайындайды.

2. Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) басшысы мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ еңбекақы төлеу талаптары уәкілетті орган және уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) арасында жасалатын жеке шартта белгіленеді.

3. Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) өз қызметінде осы Заңды, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарын басшылыққа алады.

4. Уәкілетті орган уақытша әкімшіліктің мүшелерін (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыны) кез келген сәтте ауыстыруға құқылы.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорына келтірілген зиян үшін уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) басшысы мен мүшелері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген жауапкершілікті атқарады. Уақытша әкімшілік басшысы мен мүшелеріне (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) әдеттегі өндірістік тәуекел санатына жатқызылуы мүмкін зиян үшін жауапкершілік жүктеуге жол берілмейді.

42-3-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорына консервациялау жүргізу туралы шешім

1. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына консервациялау жүргізу

т у р а л ы

ш е ш і м і :

- 1) жинақтаушы зейнетақы қорының атауын және оның орналасқан жерін;
- 2) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау туралы шешімнің негіздемесін;
- 3) консервациялаудың басталуын және мерзімін;
- 4) жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне салынған шектеулер тізбесін;
- 5) уақытша әкімшіліктің дербес құрамын;
- 6) консервациялау режиміндегі жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлеріне өз жұмысы туралы есепті дайындау жөніндегі нұсқауды, кіріс туралы декларацияны, меншіктің бары және мөлшері туралы мәліметтерді және осы құжаттарды уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) ұсынуы туралы мәліметтерді;
- 7) уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) ұ с ы н ы м д а р ы н қ а м т у ы т и і с .

2. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына консервациялау жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде ж а р и я л а й д ы .

42-4-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау кезінде басқару ерекшеліктері. Жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) өкілеттіктері

1. Консервациялаудың басталуынан және оны жүргізу мерзіміне:

1) жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің оны басқару жөніндегі құқықтары т о қ т а т ы л а т ұ р а д ы ;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры органдарының және оның басшы қызметкерлерінің өкілеттіктері т о қ т а т ы л а т ұ р а д ы ;

3) жинақтаушы зейнетақы қорын басқару бойынша барлық өкілеттіктер уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) көшеді;

4) жинақтаушы зейнетақы қоры атынан және есебінен уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) айтпастан және оның жазбаша келісімінсіз жасалған барлық мәмілелер жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы):

1) осы Заңның 42-5-бабының талаптарын ескере отырып жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің барлық мәселелері жөнінде дербес шешім қабылдауға;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры атынан кез келген шарттарға және құжаттарға қол қ о ю ғ а ;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры атынан және мүддесіне шағым талаптар беруге;

4) жұмыстан шығару, лауазымын төмендету немесе лауазымынан уақытша босату, жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметкерлерінің арасында міндеттерді бөлу туралы бұйрықтарды қоса алғанда, бұйрықтарды шығаруға құқылы.

42-5-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметін бақылау

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау мерзімі ішінде уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметіне бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады, ол:

1) уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушыға) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау кезеңдегі іс-шаралардың негізгі бағыттары туралы ұсынымдар беруге;

2) уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) міндетті орындауына жазбаша нұсқаулар беруге;

3) уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) оның қызметі және жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы кез келген ақпаратты ұсынуын талап етуге;

4) уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) орындалған жұмысы туралы есебін тыңдауға;

5) консервациялау мерзімін ұзартуға;

б) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялауды аяқтау туралы шешімді қабылдауға құқылы.

2. Уақытша әкімшіліктің (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушының) қызметін егжей-тегжейлі реттеу және оның үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынас принциптері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

42-6-бап. Консервациялауды тоқтату

1. Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау мына негіздер бойынша тоқтатылады :

1) уәкілетті органның шешімімен белгіленген консервациялау мерзімінің өтуі;

2) уәкілетті органның консервациялауды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешімді қабылдауы .

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайының сауықтыруына және жұмыс сапасының жақсаруына байланысты жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялауды (оның ішінде мерзімінен бұрын) тоқтату жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты уәкілетті орган немесе уақытша әкімшілік (жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша басқарушы) белгілеген барлық шектеулердің күшін жоюға әкеліп соғады. Мұндайда консервациялау мерзімі ішінде құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органдары және қызметкерлер құрамы күшінде қалады.

3. Егер жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау оның қаржылық жағдайының сауықтыруына және жұмыс сапасының жақсаруына әкелмеген жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарында көзделген негіздер бойынша зейнетақы жарналарын тарту және жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы

төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке берілген лицензияны қайтарып алуға қ ұ қ ы л ы . " ;

3) 4 5 - б а п т ы ң :

1-1 тармағы алынып тасталсын;

2-тармақтағы "осы баптың 3-7 тармақтарында" деген сөздер "осы Заңда" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті және мәжбүрлеп тарату рәсімдеріне олардың қатысуымен шешім қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.

Ерікті немесе мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлар комитетінің құрамын жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының ұсынуы бойынша уәкілетті орган бекітеді.

Кредиторлар комитетін құрудың және қызметінің ерекшеліктерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

4 - т а р м а ғ ы а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

б - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тарату комиссиясы жинақтаушы зейнетақы қорын таратуды аяқтаған кезде құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен мұрағатқа тапсыруға және бұл жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.";

4) мынадай мазмұндағы 45-1, 45-2, 45-3, 45-4-баптармен толықтырылсын:

"45-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті тарату

Жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті таратылуға рұқсат алу туралы өтінішін уәкілетті орган тиісті түрде ресімделген құжаттарды алған күннен бастап бір ай ішінде қ а р а у ы т и і с .

Өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

акционерлердің жалпы жиналысының ерікті тарату туралы шешімі;
тарату туралы шешім қабылданған күнге зейнетақы активтерін бағалау;
зейнетақы активтерін тапсыру мерзімі мен кезеңдері туралы іс-шаралар жоспары және акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін тоқтатуға дайындық жоспары;

жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін оның қаражатының жеткіліктігін куәландыратын баланстық есеп;

тарату комиссиясының мүшелеріне үміткерлердің, оның ішінде филиалдарда не өкілдіктерде құрылатын бөлімшелерінің тізімі;

б а с қ а қ а ж е т т і м ә л і м е т т е р .

2. Уәкілетті орган ерікті таратуға рұқсат беруден бас тартқан жағдайда өзінің шешімі негіздеуі тиіс және бас тартуды жинақтаушы зейнетақы қорының басшылығы

мен акционерлеріне жіберуі тиіс.

Уәкілетті органның ерікті таратуға рұқсатын алған кезде жинақтаушы зейнетақы қоры филиалдар мен өкілдіктерді ескере отырып тарату комиссиясын құрады.

3. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органның таратылуға рұқсатын алған күннен бастап он күн ішінде салымшылар мен алушыларға орталық Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын екі баспасөз басылымдарында хабарландыру жариялау арқылы жинақтаушы зейнетақы қорының таратылуы туралы хабарлауға міндетті.

4. Барлық кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаражат жеткіліксіз болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры банкроттық негізі бойынша мәжбүрлеп таратылуға жатады.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті таратуды аяқтау мүмкін болмауына байланысты уәкілетті орган оны мәжбүрлеп тарату туралы өтінішпен сотқа шағымдануға құқылы.

45-2-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату ерекшеліктері
Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату:

- 1) жинақтаушы зейнетақы қорының банкрот болуына;
- 2) зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда көзделген негіздемелер бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының лицензияларын қайтарып алуға;
- 3) уәкілетті мемлекеттік органдардың, заңды немесе жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа негіздемелер бойынша жинақтаушы зейнетақы қоры қызметін тоқтату туралы өтінішіне (талабына) байланысты жүзеге асырылады.

Сотқа жинақтаушы зейнетақы қорын тарату туралы талапты уәкілетті орган қояды.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорын тарату осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіздеме бойынша осы Заңға сәйкес жүргізіледі.

3. Жинақтаушы зейнетақы қоры мәжбүрлеп таратылған жағдайда сот он күн ішінде жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы шешімнің көшірмесін уәкілетті органға жібереді.

Сот жинақтаушы зейнетақы қорын лицензияны қайтарып алуға байланыссыз негіздеме бойынша мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның лицензиясын қайтарып алу туралы мәселені қарайды.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының лицензиясын қайтарып алу туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган уақытша әкімшілікті тағайындайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі өз қызметін жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын тағайындау туралы сот шешімі күшіне енгенге дейінгі кезеңде жүзеге асырады.

Жинақтаушы зейнетақы қоры жұмысының, оның уақытша әкімшілігін тағайындау

тәртібі, сондай-ақ уақытша әкімшілігін өкілеттіктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі өз қызметін жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын тағайындау туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезеңге дейін жүзеге асырады.

Уақытша әкімшіліктің қызметіне ол тағайындалған күннен бастап сот шешімі күшіне енген кезеңге дейін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі есепті уәкілетті органға және жинақтаушы зейнетақы қорын тарату туралы шешім қабылдаған сотқа береді.

Жинақтаушы зейнетақы қоры уақытша әкімшілігінің атқарған жұмысы туралы есебін сот бекітеді.

Уақытша әкімшілік тарату комиссиясын тағайындау туралы шешім қабылданған күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттары мен мүлкін тарату комиссиясына береді.

Уақытша әкімшіліктің жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясының төрағасына беру төрт дана етіп жасалатын қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді және оны уәкілетті орган бекітеді. Бекітілген актінің бір данасы іс материалдарына тігу үшін сотқа жіберіледі."

5. Жинақтаушы зейнетақы қорының төлем қабілетсіздігі мен дәрменсіздігі уәкілетті органның сотқа ұсынылатын пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемесін және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттер, жинақтаушы зейнетақы қоры капиталының мөлшерін ескере отырып жасалған қорытындысымен белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қоры сот шешімімен ғана белгіленген тәртіппен банкрот деп танылуы мүмкін. Дәрменсіз жинақтаушы зейнетақы қорын кредиторларының және жинақтаушы зейнетақы қорының өз шешімі бойынша соттан тыс тарату рәсіміне жол берілмейді. Тараптардың жинақтаушы зейнетақы қорының банкроттығы туралы іс бойынша бітімгершілік келісім жасауына болмайды.

6. Сот жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы іс қозғаған күннен б а с т а п :

1) жинақтаушы зейнетақы қоры құрылтайшыларының (қатысушыларының), барлық органдарының жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін басқаруға құқығы жоқ;

2) бұрын қабылданған сот шешімдерін орындау тоқтатылады;

3) кредиторлардың жинақтаушы зейнетақы қорына кез келген талаптары жинақтаушы зейнетақы қорын ұстап тұруға арналған ағымдағы шығыстарға байланысты талаптарды қоспағанда, тарату барысында ғана қойылуы мүмкін;

4) кредиторлардың, салық және өзге де уәкілетті мемлекеттік органның салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, оның ішінде даусыз (акцептсіз) тәртіппен қанағаттандырылуға жататындар талаптары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының банк шоттарынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ жинақтаушы

зейнетақы қорының мүлкіне өндіріп алу жөнінде өтініш жасауына жол берілмейді;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының лауазымды тұлғаларының жинақтаушы зейнетақы қорының өздеріне тиесілі акцияларын иеліктен шығаруына жол берілмейді.

7. Жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы, оның ішінде оның банкроттығы негізінде шешім қабылданғаннан кейін сот тарату өндірісін қозғайды және оның филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын құру жөнінде уәкілетті органға міндеттер жүктейді.

Мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссиясын тағайындау тәртібі және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.";

Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және өзге де тартылған қызметкерлерге төленетін сыйақының ай сайынғы мөлшері олардың әрқайсысына он ең төменгі жалақыдан аспауы тиіс.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының тізілімін уәкілетті органның ұсынуы бойынша сот бекітеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы уәкілетті органға атқарған жұмысы туралы есепті және оның жазбаша сұратуы бойынша өз қызметі туралы қосымша мәліметтерді және таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты деректерді ұсынуға міндетті.

Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының мүлкін сатуды оның тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен жүргізеді.

Тарату тәртібі және мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

8. Тарату комиссиясы таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері, оның зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен беру жөніндегі шараларды қолдануы тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының заңдарда белгіленген тәртіппен танылған талаптары Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген кезектілікпен қанағаттандырылады.

Тиісті кезектілік келген кезде кредитордың талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) есеп айырысудың теңбе-теңдік принципін сақтай отырып мүлікті заттай түрінде беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

45-3-бап. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының талаптарын қанағаттандыру кезектілігі

1. Тарату комиссиясы таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы

активтерін, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша оның міндеттемелерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен басқа жинақтаушы зейнетақы қорына беру жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

2. Таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының талаптары, оның ішінде оның банкроттығына байланысты, осы бапта белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады.

3. Тарату өндірісіне, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз етуге байланысты шығыстар, сондай-ақ таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының негізгі функцияларын қамтамасыз ету қажеттігінен туындайтын шығыстар кезектен тыс және тұрақты жүргізіледі.

4. Жинақтаушы зейнетақы қоры кредиторларының заңдарда белгіленген тәртіппен танылған талаптары мынадай кезектілікпен қанағаттандырылады:

1) бірінші кезекте өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін олардың алдында таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры жауапкершілік атқаратын азаматтардың талаптары, тиісті кезеңдер бойынша төлемдерді капиталдандыру арқылы қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға еңбекақы төлеу жөнінде және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөнінде есеп айырысулар жүргізіледі;

3) үшінші кезекте таратылатын жинақтаушы зейнетақы қоры мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредиторлардың талаптары қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте салықтар, алымдар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша, сондай-ақ республикалық бюджеттен берілген кредиттерді қайтару бойынша берешек өтеледі;

5) бесінші кезекте заң актілеріне сәйкес басқа кредиторлармен есеп айырысулар жүргізіледі.

5. Әрбір кезектің талабы алдыңғы кезектің талаптарын толық қанағаттандырғаннан кейін қанағаттандырылады.

Тиісті кезек келгенде кредитордың талабы оның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) мүлікті заттай беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

Бір кезектің кредиторларының талаптары қанағаттандырылған кезде таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ақшасы және (немесе) өзге де мүлкі осы кезектің кредиторлары арасында қанағаттандырылуға тиісті талаптар сомасына теңбе-тең бөлінеді.

45-4-бап. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату процесіндегі бақылау өкілеттіктері

1. Ерікті және мәжбүрлеп, оның ішінде банкроттық негіздемесі бойынша

таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссиясының қызметіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган:

1) тарату комиссияларынан атқарған жұмысы туралы есепті, қажет болған жағдайда қосымша ақпаратты алуға;

2) тарату комиссияларының есептерді және қосымша ақпаратты ұсыну нысанын, мерзімін және кезеңділігін белгілеуге;

3) тарату комиссияларының қызметіне тексеру жүргізуге;

4) тарату комиссияларының қызметінен Қазақстан Республикасының заң талаптарын, кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу анықталған жағдайда, тарату комиссияларының орындауы міндетті бұзушылықтарды жою жөнінде жазбаша нұсқау шығаруға, нұсқауды орындау мерзімін белгілеуге;

5) тарату комиссиясы белгіленген мерзімде жазбаша ұйғарымды орындамаған жағдайда, кредиторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау жөнінде сотқа не прокуратура органдарына жүгінуге құқылы.

2. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын бұзған жағдайда, тарату комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес жауапкершілік атқарады.

5) мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

"49-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті уәкілетті органның лицензиясы болғанда аудиторлық ұйым арқылы жүргізіледі.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары жыл сайын өз қызметіне міндетті аудит жүргізеді. Жыл қорытындылары бойынша аудиторлық есеп жинақтаушы зейнетақы қорының жылдық қаржылық есебінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйі туралы аудиторлық ұйымның аудиторлық есебі коммерциялық құпия емес.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының сыртқы және ішкі аудитін жүзеге асыруға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

" ;

6) 50-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) жинақтаушы зейнетақы қорының жыл сайынғы міндетті аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымдарға."

13. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 23 - 24, 193 - құжат) :

1) 12-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының аудитін жүргізуге лицензияларды өзі белгілеген тәртіппен қаржы рыногын

реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган береді.";

2) 18-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аудиті және бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының және жинақтаушы зейнетақы қорларының аудиті нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылық туралы х а б а р л а у ғ а . " .

14. "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" 1999 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 784-құжат; N 21-22, 282-құжат):

4 - б а п т а :

4-тармақтың б) тармақшасында "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6-тармақтың 3) тармақшасында "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

15. "Қаржы лизингі туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 10, 247-құжат):

10-баптың бірінші бөлігінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

16. "Мемлекеттік материалдық резерв туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 378-құжат):

13-баптың 5-тармағында "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

17. "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 21, 382-құжат):

4, 5, 6, 7 және 8-баптарда "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

18. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22 , 406 - құ ж а т) :

1) мәтіндегі "уәкілетті мемлекеттік органның", "уәкілетті мемлекеттік органға", "

уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "уәкілетті органның", "уәкілетті органға", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптың 2-тармағындағы "(бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган)" деген сөздерден кейін "және/немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 6-баптың 5-тармағында:
екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтанушыға сақтандыру полисін беру арқылы қосылу шарты нысанында сақтандыру шартын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары сақтандыру түрі жөніндегі ережелерді уәкілетті мемлекеттік органмен келісуге міндетті.";

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті мемлекеттік орган оларды Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында сақтандыру ұйымдарынан сақтандырудың барлық түрлері бойынша ережелердің мазмұнына өзгерістер енгізуді талап етуге қ ұ қ ы л ы . " ;

4) 8-баптың 5-тармағы алынып тасталсын;

5) 11-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызмет ("өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті Қазақстан Республикасының заңдарына жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін)";

6) 15-бапта:

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қайта сақтандыру және шекарааралық сақтандыру";

1-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының басқа мемлекеттің аумағында сақтандыру қызметін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты сақтандыру шекарааралық б о л ы п т а б ы л а д ы . " ;

2-тармағындағы "рейтинг агенттіктерінің" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ сақтандыру брокері - Қазақстан Республикасының резиденті арқылы" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

7) 16-баптың 3-тармағында "қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің" деген сөздер "кірістері мен шығыстарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 25-баптың 6-тармағы алынып тасталсын;

9) 26-баптың 3-тармағында "беруден" деген сөзден кейін "және берілген рұқсатты қайтарып алудан" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 27-баптың 1-тармағында:

27-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында "қаржы-шаруашылық қызметінің" деген сөздер "кірістері мен шығыстарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша "актуарий растаған" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) басшы қызметкерлер лауазымдарына сайланатын (тағайындалатын) тұлғалар туралы мәліметтер;" ;

11) 28-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) бизнес-жоспардың уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес келмеуі." ;

1 2) 3 4 - б а п т а :

тақырып "және сақтандыру брокеріне" деген сөздермен толықтырылсын;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төрағасы мен басқарма мүшелері, директорлар кеңесінің төрағасы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан құжаттарға қол қоюға немесе оның атынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін иелігінен шығаруды жүргізуге құқығы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге де басшылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бас бухгалтері және оның орынбасарлары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының бірінші басшысы және бас бухгалтері (болған жағдайда) сақтандыру (қайта сақтандыру ұйымының) басшы қызметкерлері болып табылады.

Сақтандыру брокерінің бірінші басшысы, бас бухгалтері және олардың орынбасарлары, сондай-ақ сақтандыру брокерінің атынан құжаттарға қол қоюға немесе оның атынан сақтандыру брокерінің активтерін иелігінен шығаруды жүргізуге құқығы бар өзге де тұлғалар сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлері болып табылады." ;

2-тармақта "сақтандыру ұйымының" деген сөздерден кейін "және сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігінде "сақтандыру ұйымының" деген сөздерден кейін ", сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "сақтандыру қызметіне" деген сөздерден кейін ", сақтандыру брокерінің қызметіне" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте "ұйымының" деген сөзден кейін ", сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "тарату" деген сөзден кейін ", акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқарма, директорлар кеңесі төрағасының қызметіне және сақтандыру брокерінің бірінші басшысы және олардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің атынан құжаттарға қол қоюға немесе оның атынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің активтерін иелігінен шығаруды жүргізуге құқығы бар орынбасарларын

сайлау үшін жоғары білімнің бар болуы міндетті шарт болып табылады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бас бухгалтерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы бірінші басшысының және бас бухгалтерінің және сақтандыру брокері бас бухгалтерінің жоғары білімі немесе жұмыс профиліне сәйкес келетін арнаулы орта білімі болуы тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлерінің, әдеттегідей, қаржылық қызмет көрсету саласында мынадай жұмыс стажы болуға тиіс: сақтандыру брокерінің бірінші басшысының, бас бухгалтерінің және олардың сақтандыру брокерінің атынан құжаттарға қол қоюға немесе оның атынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің активтерін иелігінен шығаруды жүргізуге құқығы бар орынбасарларының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқармасы, директорлар кеңесі төрағасының және бас бухгалтерінің - кемінде үш жыл; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқарма мүшелерінің және бас бухгалтері орынбасарының - кемінде екі жыл; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан құжаттарға қол қоюға немесе оның атынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін иелігінен шығаруды жүргізуге құқығы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге де басшыларының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының бірінші басшысының және бас бухгалтерінің - кемінде бір жыл."

б - тармақта :

бірінші бөлігінде :

"ұйымының" деген сөзден кейін ", сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын ;

"ұйым міндетті" деген сөздер " ұйым, сақтандыру брокері міндетті" деген сөздермен ауыстырылсын " ;

екінші бөлігінде :

"ұйымының" деген сөзден кейін ", сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын ;

"ұйым" деген сөзден кейін ", сақтандыру брокері" деген сөздермен толықтырылсын;

"алты" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақта "ұйымының" деген сөзден кейін ", сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын ;

8-тармақта "ұйымының" деген сөзден кейін ", сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын ;

13) 37 - бапта :

1 - тармақта :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

б) уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына

сәйкес әзірленген және актуарий растаған сақтандыру класы бойынша бизнес-жоспар (са қ т а н д ы р у ұ й ы м ы ү ш і н); "

соңғы бөлігіндегі "5) - 8) тармақшалары" деген сөздер "6), 7) және 8) тармақшалары " деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

"қызмет" деген сөзден кейін ", сондай-ақ одан сақтандырудың жекелеген кластарын шығару" деген сөздермен толықтырылсын;

"бұл жағдайда" деген сөздер "бұл жағдайларда" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 38-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) сақтандыру кластары бойынша бизнес-жоспары уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келмегенде.";

1 5) 4 3 - б а п т а :

11) тармақшаның мемлекеттік тілдегі мәтінінде "мерзімін" деген сөзден кейін " Ұлттық Банкпен бірлесіп" деген сөздермен толықтырылсын;

1 2) т а р м а қ ш а а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

20) тармақша мемлекеттік тілдегі мәтінінде мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

"20) Ұлттық Банкпен бірлесе отырып және уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып, бухгалтерлік есеп және аудит мәселелері бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бухгалтерлік есебі стандарттарын белгілейді.";

1 6) 4 6 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қайта сақтандыруды жүзеге асыру кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті ұстауы, егер осы баптың 3-тармағының талабы бұзылмаса, қайта сақтандыруға берілетін сақтандыру шарты бойынша міндеттемелердің жалпы көлемінен бес проценттен кем болмауға міндетті.";

1 7) 4 7 - т а р м а қ т а :

3-тармақ "талаптарды" деген сөзден кейін "қалыптастыруға" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1 8) 5 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес процентінен астам дауыс беретін акцияларға меншік құқығын немесе басқару құқығын алатын тұлға уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органға көрсетілген мәміленің жасалғандығы туралы жазбаша хабарлама ұсынуға міндетті.";

2 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

19) 53-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жазбаша ұйғарым - белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюға

бағытталған орындалуы міндетті түзету шараларын қабылдау туралы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нұсқауы." ;
2 0) 5 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылықты жою жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның жазбаша нұсқауын бірнеше мәрте (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде екі және одан да көп) о р ы н д а м а у ; " ;

2-тармақтағы "уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер алынып тасталсын;
2 1) 5 6 - б а п т а :

1-тармақта және 3-тармақтың екінші бөлігінде "уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер алынып тасталсын;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уақытша әкімшілік өз қызметін уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын тағайындағанға дейінгі кезеңде жүзеге асырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің қызметіне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы тағайындалғанға дейін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің есебі уәкілетті мемлекеттік органға және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы шешім қабылдаған сотқа ұсынылады.

Уақытша әкімшіліктің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясының төрағасына беру төрт дана етіп жасалатын қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді және оны уәкілетті орган бекітеді. Бекітілген актінің бір данасы іс материалдарына тігу үшін сотқа жіберіледі.";

6-тармақта "(ал одан кейін сот тағайындайтын арнайы басқарушының да)" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

8-тармақ "және тарату комиссиясының, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі болмаған жағдайларда не осы шығындарды жабу үшін оның құны жеткіліксіз болса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот қабылдаған шешім жөніндегі ақпаратты орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында жариялау бойынша шығыстарын жабу үшін" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2 2) 6 1 - б а п т а :

4-тармақта "бағалы қағаздар рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі мемлекеттік органмен келісе отырып" деген сөздер алынып тасталсын;

2 3) 6 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші бөліктегі "ерікті" деген сөзден кейін "немесе мәжбүрлеп" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

үшінші бөлік алынып тасталсын;
2 4) 6 7 - б а п т а :

5-тармақ мемлекеттік тілдегі мәтінінде мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Уәкілетті мемлекеттік органнан өз еркімен таратылуға рұқсат алғаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, тарату комиссиясын құрады, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі мен істерін басқару өкілеттігі заңдарда белгіленген тәртіппен соған көшеді.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталған кезде тарату комиссиясы мұрағатта сақтауға арналған құжаттарды белгіленген тәртіппен тапсыруға және бұл туралы уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға міндетті.";

2 5) 6 9 - б а п т а :

1 - тармақ алынып тасталсын;

2-тармақта "арнайы басқарушыға" деген сөздер "тарату комиссиясының төрағасына"
" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - тармақ алынып тасталсын;

4 - тармақ алынып тасталсын;

7-тармақта "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздер ", осы Заңның талаптарын ескере отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 6) 7 0 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, оның ішінде банкроттық негізде тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін сот тарату өндірісін қозғайды және оның филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын құру жөніндегі уәкілетті органға міндеттер жүктейді.

Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссияларын тағайындау тәртібі және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талап уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде а й қ ы н д а л а д ы .

2. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының аралық тарату балансы мен талаптарының тізілімін уәкілетті орган бекітеді.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне және өзге де жұмысқа тартылған қызметкерлерге төленетін ай сайынғы сыйақы олардың әрқайсысына он ең төменгі жалақыдан аспауы тиіс";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тарату комиссиясы уәкілетті органмен келісілген тарату және тарату балансы туралы есепті сотқа ұсынады.

Сот тарату және тарату балансы туралы есепті бекітеді және тарату өндірісін аяқтау туралы ұйғарым шығарады.

Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға және уәкілетті органға жібереді.

Тарату тәртібі және мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының жұмысына талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталған кезде тарату комиссиясы құжаттарды белгіленген тәртіппен мұрағатқа өткізуге және бұл туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.";

6-тармақ алынып тасталсын;

27) 72-баптың 2-тармағында "туындаған сақтандыру жағдайлары бойынша" деген сөздер "соттың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы шешімі күшіне енгізілгенге дейін не уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы шешімі күшіне енгізілгенге дейін туындаған сақтандыру жағдайлары бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 73-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"73-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату процесіндегі бақылау өкілеттіктері

1. Ерікті және мәжбүрлеп, оның ішінде банкроттық негізде, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларының қызметін бақылауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті мемлекеттік орган:

1) тарату комиссияларынан істелген жұмыс туралы есептерді, ал қажет болған жағдайда, қосымша ақпаратты алуға;

2) тарату комиссияларының есептер мен қосымша ақпаратты беру нысанын, мерзімін және кезеңділігін белгілеуге;

3) тарату комиссияларының қызметін тексеруді жүргізуге;

4) тарату комиссияларының қызметінде Қазақстан Республикасының заң талаптарын, кредиторлардың құқықтарын және заңды мүдделерін бұзу анықталған кезде кемшіліктерді жою жөнінде тарату комиссиялары орындауға міндетті жазбаша нұсқаулар шығаруға, нұсқаулардың орындалу мерзімін белгілеуге;

5) тарату комиссиясы белгіленген мерзімде жазбаша нұсқауды орындамаған жағдайда кредиторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа не прокуратура органдарына өтініш беруге құқылы.

2. Уәкілетті мемлекеттік орган қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы ісі сотта қаралатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан қажетті ақпаратты алуға құқылы.

3. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын бұзған жағдайда тарату комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасының

әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес жауап береді."

29) 76-баптағы "қаржы-шаруашылық қызметінің" деген сөздер "кірістер мен шығыстардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 9 , 85 - қ ұ ж а т) :

17-бапта "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап . Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК